

**«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» ҚеАҚ  
6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы  
докторанты Молдир Алибековна Жандабаеваның философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алу үшін «Тюриңген үлбірегі (*Lavatera thuringiaca* L.)  
өсімдік шикізатынан фитосубстанциялар алудың фармацевтикалық  
негізdemесі» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына  
ғылыми көзесшісі, фарм.ғ.к., қауымдастырылған профессор  
Калданай Каржауовна Кожанованың**

## **ПІКІРІ**

Мөлдір Жандабаеваның диссертациялық жұмысының тақырыбы казіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі Ұлттық дәрі-дәрмек саясатын іске асыру, халықты сапалы, қауіпсіз және эффективті дәрілік препараттармен қамтамасыз ету, жаңа дәрілік заттарды іздеу, Отандық фитосубстанцияны фармацевтикалық өндеуге, оның ішінде көмірқышқылды экстрактар негізінде алынған комплексті дәрілік препаратордың үлесін арттыруға негізделген. Аталған мәселеге Қазақстандағы дәрілік өсімдіктердің бай қоры негіз бола алады. Ғылыми жұмыстың зерттеу нысаны ретінде алынған Тюриңген үлбірегі (*Lavatera thuringiaca* L.) өсімдік шикізатына толыққанды зерттеулер жасалмағандығы анықталды.

Мөлдір Жандабаеваның диссертациялық жұмысының экспериментальды бөлігі С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университеті мен Башқортстан мемлекеттік медицина университеті ФМБЖ БМ (Ресей Федерациясы) орындалды.

Диссертация нәтижелерінің, қорытындылары мен тұжырымдарының сенімділігі мен негізділігі заманауи спектрлік және хроматографиялық зерттеу әдістерін (критикаға дейінгі және кейінгі нұктедегі көмірқышқылды экстракция, газ хроматографиясы, газ-хромато-масс-спектрометрия), фармакопеялық аналитикалық әдістер мен биологиялық қауіпсіздігін бағалау әдістерін қолдана отырып жүргізілген эксперименттік зерттеулердің дәлелдемелік базасымен расталады.

Зерттеу барысында Қазақстанда алғаш рет *Lavatera thuringiaca* L. дәрілік өсімдік шикізатына фармакогностикалық талдау жүргізілді және сапа спецификациясы жасалынды. *Lavatera thuringiaca* L. дәрілік өсімдік шикізатының химиялық құрамын салыстырмалы түрде зерттеу мақсатында мацерация, перколяция, крикалық дейінгі және критикаға кейінгі нұктедегі CO<sub>2</sub> экстракциялау әдістерінің көмегімен кою экстракттар алынып, олардың химиялық құрамы масс-спектрометриялық детекторы бар газ хроматография арқылы анықтылынған. Нәтижесінде *Lavatera thuringiaca* L. дәрілік өсімдік шикізатынан экстракт алудың тиімді технологиясы критикаға дейінгі нұктедегі CO<sub>2</sub> экстракциялау әдісі тандалынған, фитохимиялық құрамын зерттеу

нәтижесінде 60 химиялық компонент анықталынған. *S. aureus*, *E. coli*, *P. aeruginosa*, *C. albicans*, *Str. Pneumonia*, *K. pneumonia*, *S. haemolyticus*, *S. Saprophyticus* тест-микроорганизмдеріне қатысты микробка қарсы және антиоксиданттық, қабынуға қарсы әсерлері дәлелденген. Сонымен катар, субстанцияның қауіпсіздігі, аллергияға қарсы әсерлері зерттелінген.

Зерттеудің ғылыми жағалығы 14.05.2021 ж. Қазақстан Республикасының өнертабыстарының мемлекеттік тізімінде тіркелген № 35059 «Тюринген үлбірегі шебінен (*Lavatera thuringiaca* L.) көмірқышқылды экстрактын алу тәсілі» онертабыс патентімен расталынған.

*Lavatera thuringiaca* L. өсімдік шикізатына және одан алынған экстракттарға нормативтік құжаттар жобасы жасалынып, жобаларда көрсетілген әдістемелер мен әдістер енгізілді:

- «GACP талаптары бойынша *Lavatera thuringiaca* L. өсімдік шикізатын жинау, дайындау технологиясының тәсілін практикалық қолданылуы» бойынша ЖШС «Зерде-Фито» орнына енгізу актісі ұсынылды.

- «*Lavatera thuringiaca* L. өсімдік шикізатының жер үсті бөлігінен қою көмірқышқылды экстрактын алу тәсілі» ЖШС «ДПӨ Жанафарм» орнына енгізу актісі ұсынылды.

- «*Lavatera thuringiaca* L. өсімдік шикізатының жер үсті бөлігінен қою көмірқышқылды экстрактын алу тәсілі» ЖШС «ДПӨ Жанафарм» орына технологиялық нұсқаулық жобасы ұсынылды.

- «*Lavatera thuringiaca* L. өсімдік шикізатының жер үсті бөлігінен қою көмірқышқылды экстрактын алу тәсілі» ЖШС «ДПӨ Жанафарм» орына Ұйымдастыру стандарты жобасы ұсынылды.

- «*Lavatera thuringiaca* L. өсімдік шикізатынан перколация әдісі көмегімен экстракт алушың технологиялық үрдісі» бойынша С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Үлттық медицина университеті, фармацевтикалық технология кафедрасына енгізу актісі ұсынылды.

- «*Lavatera thuringiaca* L. өсімдік шикізатынан мацерация әдісі көмегімен экстракт алушың технологиялық үрдісі» бойынша С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Үлттық медицина университеті, фармацевтикалық технология кафедрасына енгізу актісі ұсынылды.

- ФГБОУ «Башқортостан Мемлекеттік медицина университетінде докторлық диссертация аясында ғылыми тәғылымдамадан өтілді.

Диссертация аясында 14 ғылыми еңбек жарық көрді, оның ішінде:

- Scopus ғылыми базалымдарының библиографиялық және халықаралық дерек корларына кіретін The Scientific World Journal базалымы (Q2) – 1;

- ҚР Білім және гылым министрлігі Білім және гылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған базалымдарда 4 жарияланым;

- халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдарындағы 6 жарияланым;

Өнертабысқа патент – 1;

РИНЦ базасындағы басылым – 1;

«ЛУЧШИЙ МОЛОДОЙ УЧЕНЫЙ – 2021» кітап баспасында – 1.

Мәлдір Жандабаева диссертациялық жұмысты орындау барысында, фармацевтикалық өндіріс технологиясы саласында, өзін толық маман ретінде қалыптастан түлға екенін көрсетті. Ол, практикалық және теориялық маңызды, ғылыми жаңалығы бар, ғылыми зерттеу жұмысын жасады.

Мәлдір Жандабаева ғылыми және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты және өзінің зерттеу жұмысында фармацевтикалық ғылымның жетістіктерін қолдана білді, теориялық және практикалық білімі жоғары, фармацевтикалық технология мен заманауи сапалық талдау әдістері бойынша біліктілігін көрсетті.

Өзінің еңбеккорлығымен, критикалық ойлау қабілетімен, зерттеу жұмыстарына шығармашылықпен қарайтындығы диссидентті ерекшелегін көрсетті.

Философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған Молдир Алибековна Жандабаеваның «Тюринген үлбірері (*Lavatera thuringiaca* L.) өсімдік шикізатынан фитосубстанциялар алудың фармацевтикалық негізdemесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы білікті, аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың қойылған мақсаттары, міндеттері, өзектілігі, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы және нәтижелері 6D074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияға қойылатын талаптарға толық жауап береді, авторы Молдир Алибековна Жандабаева философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ғылыми кеңесші

фарм.ғ.к., Фармация мектебінің  
инженерлік пәндер кафедрасының  
менгерушісі

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН

С.Д.Аспендияров атындағы қазақ ұлттық  
медицина университеті» КеАК құжаттамалық  
журналдар жүргізу белгімі

ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ

Руководитель отдела делопроизводства  
қолы Кожанова К.К. куәландыратын  
национальный медицинский  
университет имени С.Д.Аспендиярова

Кожанова К.К.

«\_\_\_\_\_» 2021 ж.